**КЛИЕНТТЕР-ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР БРОКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫН ЖАСАУ ҮШІН ҰСЫНАТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ**

| **Жеке шот ашу үшін Клиент-жеке тұлға Брокерге мынадай құжаттарды ұсынады:** | **Жеке шот ашу үшін Клиент-заңды тұлға Брокерге мынадай құжаттарды ұсынады:** |
|---|---|
| **Резидент-жеке тұлғалар:**<br>• Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және көруге арналған түпнұсқасы не цифрлық құжаттардың сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);<br>- тұрғылықты жерінің мекенжайын растайтын құжат (мемлекеттік тізілімнен алынған құжат, банктік үзінді көшірме, коммуналдық шот немесе Клиенттің тиісті мекенжайы мен аты көрсетілген өзге де құжат)<br>Клиенттің атынан құқықтар сенім білдірілген адамға берілген жағдайда, сенім білдірілген адамның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесімен бірге Брокерге берілуі тиіс әлдебір функцияларды жүзеге асыру құқығына сенімхаттың түпнұсқасы не нотариалды куәландырылған көшірмесі;<br>Клиент қол қойған брокерлік қызмет көрсету шартына қосылу туралы өтініш/шарт.<br><br>***егер Клиент шетелдік жария лауазымды тұлға болып табылса:***<br>Брокердің басшы қызметкерінен Қоғамның Клиентпен іскерлік қатынастарын орнатуға, жалғастыруға рұқсат алу.<br><br>**Бейезидент-жеке тұлғалар:**<br>1) басқа мемлекеттің аумағындағы бейрезидент-жеке тұлғалар үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес нотариалды куәландырылған, апостильденген немесе заңдастырылған, қазақ және (немесе) орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасы бар жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;<br>2) Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ басқа мемлекеттің аумағында орналасқан және Брокердің өңірлік бөлімшесінде (филиал/өкілдік) құжаттарды ұсынатын бейрезидент-жеке тұлғалар үшін жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және көруге арналған түпнұсқасы;<br>3) егер Қазақстан Республикасында ратификацияланған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, бейрезидент-жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағына келу, кету және болу құқығына Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында тіркелгенін куәландыратын құжаттың көшірмесі.<br>4) тұрғылықты жерінің мекенжайын растайтын құжат (мемлекеттік тізілімнен алынған құжат, банктік үзінді көшірме, коммуналдық шот немесе Клиенттің тиісті мекенжайы мен аты көрсетілген өзге де құжат)<br>Клиенттің атынан құқықтар сенім білдірілген адамға берілген жағдайда, Брокерге сенім білдірілген адамның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесімен бірге берілуі тиіс әлдебір функцияларды жүзеге асыру құқығына сенімхаттың түпнұсқасы не нотариалды куәландырған көшірмесі; | **Қазақстан Республикасының резидент-заңды тұлғалар**<br>• Жарғының, оған қосымшалардың (ережелер мен оған қосымшалардың) көшірмесі;<br>• заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмесі;<br>• бизнес-сәйкестендіру нөмірі (егер ол анықтамада немесе куәлікте көрсетілмесе);<br>• қол қою үлгілері (оның ішінде клиенттік тапсырыстарға, дербес шоттар бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды тіркеуге арналған құжаттарға қол қоюға құқығы бар заңды тұлға өкілдерінің) және мыналар: Қоғамның атауы; құжатқа қол қоюға құқық беретін Қоғамның заңды тұлға - Клиентінің атауы; Қоғам Клиенті өкілінің лауазымдары, тегі, аты, әкесінің аты, жеке басын куәландыратын құжаттың деректері болған кезде; осы құжаттағы қолтаңбалардың үлгілерінің Клиенттің номиналды ұстау жүйесінде ашылған дербес шоты бойынша барлық операцияларды жүзеге асыру кезінде міндетті болып саналатыны көрсетілгені (туралы) мәліметтерді қамтитын заңды тұлғаның мөр бедері бар нотариат куәландырған карта;<br>• заңды тұлға-Клиенттің атынан сенім білдірілген адамға құқықтар берілген жағдайда, әлдебір функцияларды жүзеге асыру құқығына сенімхаттың түпнұсқасы. Сенімхатта ұйымның мөрімен куәландырылған бірінші басшының қолы, сондай-ақ сенім білдірілген адамның қолтаңбасының үлгісі болуға тиіс. Сенім білдірілген адамның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, білдірілген адамның қолтаңбасының үлгісі және мөр бедерімен нотариалды куәландырылған карта (Қоғам нысаны бойынша);<br>• жеке шот ашуға бұйрық;<br>• осы Шартқа сәйкес заңды тұлғалар үшін Клиенттің сауалнамасы;<br>• Брокерлік қызмет көрсету шартына қосылу туралы Тараптардың қолы қойылған шарт.<br><br>**Бейезидент-заңды тұлғалар:**<br>• Клиенттің тіркеу еліндегі заңды тұлға ретінде тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі;<br>• құрылтай құжаттарының немесе қызметті жүзеге асыру құқығын алу туралы ақпаратты қамтитын өзге де құжаттардың көшірмелері;<br>• қол үлгілері мен мөр бедері бар нотариалды куәландырылған карта;<br>• заңды тұлғаның құжаттарында ақшамен немесе өзге мүлікпен операциялар жасауға қол қою құқығына тұлғалардың өкілеттігін растайтын құжаттардың көшірмелері;<br>• салық төлеушінің тіркеу нөмірін және бизнес - сәйкестендіру нөмірін беру туралы куәліктің көшірмесі (егер Клиент Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық органдарында тіркеуден өтуі тиіс болса); |

| | |
|---|---|
| Клиент/сенім білдірілген адам қол қойған брокерлік қызмет көрсету шартына қосылу туралы өтініш/шарт.<br><br>***<u>егер клиент жария лауазымды адам болып табылса:</u>***<br>Брокердің басшы қызметкерінен Қоғамның Клиентпен іскерлік қатынастарын орнатуға, жалғастыруға рұқсат алу.<br>Электрондық түрде брокерлік қызмет көрсету шартын жасау және ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, Клиентті серпінді және (немесе) биометриялық сәйкестендіру арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында немесе өзге де электрондық-цифрлық нысанда Клиентке дербес шот ашуға бұйрық беру кезінде жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың А-т. көзделген құжаттардың электрондық көшірмелерін және оның жеке сәйкестендіру нөмірін ұсынуға болады. | • Клиент - ұйымның атынан сенім білдірілген адамға құқықтар берілген жағдайда, әлдебір функцияларды жүзеге асыру құқығына сенімхаттың түпнұсқасы.<br>• Клиент осы тармақтың жоғарыда көрсетілген абзацтарында көрсетілген құжаттарды Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес заңдастырылған немесе апостильденген күйде мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасымен ұсынады.<br>• шот ашуға бұйрық;<br>• осы Шартқа сәйкес орыс тілінде не ағылшын тілінде толтырылған Клиенттің сауалнамасы;<br>• Брокерлік қызмет көрсету шартына қосылу туралы тараптардың қол қойылған шарт. |